

**Амангелді Мейрамұлы Шурентаевтің «6D050400-Журналистика»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін орындалған  
«Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму  
үрдісі» атты диссертациялық жұмысына пікір**

Медиа пайда болғалы бері құқық мәселесі мен қылмыс тақырыптарын жарияламаған кезі жоқ. Сонымен қатар құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан азаматтарының құқықтық сауатын ашуда бұқаралық ақпарат құралдары ерекше үлес қосып келеді. Ізденуші А. Шурентаевтің зерттеу еңбегі салалық журналистиканың негізгі бағыты құқықтық журналистиканың қалыптасу тарихы мен қазіргі даму үрдісіне арналған. Сонау ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» басылымдарынан бастап, қазақ көсемсөзшілері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин және А. Құнанбаевтың құқықтық тақырыбындағы шығармаларын, ХХ ғасыр басындағы Алашорда қайраткерлерінің саяси қызметі мен құқықтық көзқарастарын, Кеңес Одағы уақытындағы және бүгінгі күнгі құқықтық журналистиканың даму кезеңдерін жан-жақты ғылыми зерттеген. Сондықтан бұл еңбек білім алушылар мен кез келген журналистің қызметіне пайдасы мол екені ақиқат.

Жалпы өз баспасөзін ұйымдастырып, оны биік идеологиялық мінберге айналдыра алған саланың бірі – ішкі істер саласы. Көп жылдан бері уақыт бедерінде қалыптасып, әр түрлі факторларға сәйкес дамыған ішкі істер басылымдары бүгінде еліміздегі іргелі саланың баспасөзін орнықтырып, халықты ақпаратпен және рухани-танымдық мәліметтермен қамтамасыз етіп келеді. Сондықтан, ғылыми еңбекте 1933 жылы Қазақстан өлкелік милиция басқармасының саяси бөлімінің органы ретінде жарық көрген «Страж» («Сакшы») газетінен бастап, ведомствалық басылымдарға шолу жасап, ғылыми талдау жүргізген.

Жалпы диссертациялық жұмыстың тақырыбы, өзектілігі айқын, қолданылған зерттеу әдістері және ғылыми талдау тұжырымдамалары мен қорытындыларында жүйелілік сақталған және толық негізделген ғылыми еңбек болып келеді. Ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талап деңгейіне сай. Әсіресе ел тәуелсіздігін алған жылдарға қатысты құқықтық журналистиканың өзекті мәселелері туралы тұжырымдары жанашылдығымен ерекшеленеді.

Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, докторанттың өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған. Сонымен қатар ізденушінің қол жеткізген нәтижелері теориялық жағынан да, қолданбалық тұрғыдан да маңызды болып келеді. Өйткені, бұл еңбек жоғары оқу орындары білім алушыларына арналған оқу құралымен қатар құқықтық тақырыбына қалам тартып жүрген журналистер үшін де ғылыми-теориялық маңызы жоғары еңбек деуге болады.

Жоғарыда келтірілген ғылыми пікірді негізге ала отырып, Амангелді Шурентаевтің зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми тараптардың мүддесінен шығады.

Сондықтан, ізденуші А.Шурентаевтің «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» атты диссертациясы ҚР Білім және ғылым министрлігі білім беру саласын бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді және «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

**«Қазақстан Республикасы Ішкі  
істер органдарының  
Медиа-орталығы» ЖШС  
Бас директорының м.а.**



**Т. Кучуков**

**18 тамыз 2021 жыл**